



## 2018 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙ ДЕМОГРАФИЯСЫ

Ресей Федерациясы Мемлекеттік статистика федералдық қызметі (Росстат) 2019 жылдың 1-қантарында елдегі халық санының 144,439 миллион болғанын мәлімдеді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 88,000 адамға аз. Осылайша, 2018 жылы Ресей халқы соңғы он жылда алғаш рет азайған. Бұндай жағымсыз демографиялық үрдісі демографиялық деректердің барлық компоненттерінің кешенді әсерінен деп түсіндірілуде. Өлім саны өткен жылға қарағанда азайып, 1,817 миллион болғанына қарамастан, туу көрсеткіші 1,599 миллионға төмендеп, 2006 жылдан бері ең төменгі деңгейді көрсеткен. Туу және өлім көрсеткіштері арасындағы осы ерекшелік табиғи халық санының 218,000 адамға азаюына әкеп соқты. Бұл, 2010 жылдан осы уақытқа дейін Ресейдегі ең ірі халықтың табиғи азаю көрсеткішін көрсетіп отыр. Алайда, 2018 жылдың өткен жылдардан айырмашылығы – халықтың табиғи азаюы елге келген нақты миграциялық көштің есебінен толықтырылмай, Ресей халқының жалпы азаюына себеп болған.

Осы орайда, Росстат ұсынған есептің демографтар үшін жаңалық болмағанын атап өтуге болады. Себебі, негізгі демографиялық ережелер мен қарапайым статистикалық болжамдар 2015 жылдан кейін халық санының осы қарқыны күрт төмендейтінін жорамалдаған. Ресей, алғаш демографиялық көшті тәмамдаған бір ел ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Ресей демографиясы туу көрсеткішінің төмендеуі мен өлім көрсеткішінің өсуімен ерекшеленіп, демографиялық өтпелі кезеңнің төрт сатысы бойынша толық жіктеле алмайды. Осылайша, 2018 жылы 1000 адам басына туу көрсеткіші 10,9 болса, өлім көрсеткіші 12,4-ті көрсеткен. Ресейдің осы жалпы демографиялық көрсеткіштері тура осыған ұқсас демографиялық азаюды бастан кешірген бірқатар Шығыс Еуропа елдерінің көрсеткіштеріне өте ұқсас. Ресейде туу жылдамдығы немесе бір әйел басына шаққандағы бала саны көптеген Еуропа еліндегі сияқты шамамен 1,62-ге тең.

Сондай-ақ, Ресейді Еуропадан және басқа да дамыған елдерден ерекшелендіретін бірқатар фактор бар. Мысалы, Ресей еркек пен әйелдің салыстырмалы саны тұрғысынан әлемдегі барлық елдердің арасында көш бастап тұр. Халық санында бір әйелге келетін еркектің саны «жыныс бойынша үлесі» деп білінеді. Ресей үшін осы көрсеткіш 0,86-ны көрсетіп, бұл елді жыныс бойынша үлес көрсеткіші өзара теңдігі жоқ әлемде

алғашқы бес елдің біріне айналуына септігін тигізді. Ресейдің туу көрсеткішіндегі жыныс бойынша үлесі 1,06 болуы қызық құбылыс. Бұған қоса, еркектердің көбісінің үйлену және жұмысқа қабілеттілігі басталатын 25 жастан кейін еркектер арасындағы өлім саны қарқынды түрде артуда. Осылайша экономикалық тұрғыдан белсенді 25-54 аралығындағы жас тобының жыныс бойынша үлесі 0,96-ға тең. 55 жастан кейін 0,75 болса, 65 жастан кейін 0,45-ке айтарлықтай төмендеп кетеді. Осы көрсеткіштер жағымсыз демографиялық әсер қалдырып, Ресейдің демографиялық статистикада ерекше орын алуына жол ашуда.

Ресей демографиясын ерекшелендіретін басқа бір фактор, II Дүниежүзілік соғыс кезіндегі халық бастан өткерген сокқының қалдықтары болып табылатын туу және өлім көрсеткіштерінің ауытқымалы құрылымға ие болуы. 2005 жылдан 2015 жылға дейін жалғасқан туу көрсеткішінің тұрақты түрде артуы, соғыстан кейін халық санының тез өсуінің нәтижесі болған 1980 жылдардағы демографиялық ауытқулардың әсері. Негізінен алып қарағанда, туу мен өлім үлесінің ауытқымалы құрылымы, Ресей демографиясын болжамдарға барынша ашық қылуда. 1992-2012 жылдар арасында өлім-жітім саны туу санынан әлдеқайда көп болған. Осы негізгі факторлар арасындағы ерекшелік біртіндеп азайған. 2012 жылға келгенде туу мен өлім саны өзара теңдесіп, 2016 жылға дейін сол қалпын сақтап қалды. Осылайша 2015 жылы тіркелген 1,94 миллион баланың туылуы, демографтардың күткеніндей туу көрсеткіші үшін өсу циклының шарықтау шегіне жеткен. Осыдан кейін бұдан бұрынғы тенденция керіге кетіп, халық санының табиғи азаюы алдағы 20-25 жылда үдей түсетінін көруге болады. Өнімді жас тобы болып саналатын 25 пен 34 жас арасындағы халық, 2015 жылы дәл туу көрсеткішінің өсуі тоқтаған тұста азая бастаған. 25-34 жас тобындағы халық саны қазір 23,9 миллион болса, алдағы 10-15 жылда туу көрсеткішін белгілейтін 15-24 жас тобы бойынша халық саны тек 14,2 миллионды құрайды. Осыған байланысты туу саны 2020-2035 жылдар аралығында 30-40% көлемінде азаяды деп күтілуде.

2018 жылғы демографиялық статистикада орын алған тағы бір маңызды фактор мигранттар санының айтарлықтай азаюына қатысты. Мигранттар 2011 жылдан 2017 жылға дейін Ресей халқының жалпы өсіміне үлес қосып, табиғи азаю үдерісінің теңдігін сақтап тұруға көмектесті. 2018

жылы 124,900 адамнан тұратын нақты көші-қонның есепке алынуы, 218,400 адамды құраған табиғи халық азаюына қарсы тұра алмай, халық санының нақты 93,500 адамға азайып кетуіне жол ашқан. Нақты көші-қон есебіндегі азаю, негізінен халық санының азаюынан (2017 жыл бойынша -4,0%) емес, халық санының артуынан (2017 жыл бойынша +16,9%) туындап отыр. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдері негізгі ресурс көзі және сатып алушы елдер болып табылады. Елге кірген көші-қон үлесінің 90%-ын және шыққан үлесінің 86,6%-ын құраумен қатар, көші-қонның екі ағымы үшін де жауапты болып табылады. 2017 жылмен салыстырғанда Ресейге ТМД елдерінен келген халық санында айтарлықтай өзгеріс болмаса да (-2,6%), Ресейден кеткен адам саны көбірек болып, олар басқа ТМД елдеріне қоныс аударған (+19,0%). Басқаша айтқанда, ТМД елдерінен нақты мигранттар келгеніне қарамастан, Ресей әсіресе Қырғызстан мен Өзбекстаннан дәстүрлі көші-қон ресурстарын жоғалтып жатыр.

Демографиялық болжамдар, Ресей халқының алдағы 10-15 жыл ішінде өсуіне қатысты қандай да бір себеп көрсете алмауда. Росстаттың берген сценарийі бойынша, 2031 жылға дейін Ресей халқы қазіргі 144,4 миллионнан 141,6 миллионға азаяды. Оң сценарий бойынша Ресейдегі халық саны 2031 жылға дейін 151,6 миллионға жетеді деп күтілсе, теріс сценарий бойынша халық саны азаюды жалғастырып 2031 жылға дейін 130,8 миллионға төмендейді. Росстаттың барлық үш демографиялық сценарийі БҰҰ тарапынан жасалған болжамдармен сәйкес келеді. Дегенмен, бұл болжамдар 2018 жылғы теріс демографиялық статистиканы ескермегенін атап өту маңызды және бүгінгі таңда сарапшылардың басым көпшілігі теріс сценарийдің ықтималдығы өте тез өсіп жатқанын көрсетеді. Алдағы бірнеше онжылдықта Ресей халқының табиғи өсімі іс жүзінде мүмкін емес екені анық. Өйткені жақын болашаққа қатысты демографиялық сценарийлер ынталандыру шараларына жауап бермейтін қолданыстағы факторлармен алдын ала анықталған. Дегенмен, көші-қон факторы шын мәнінде сыртқы факторларға сезімтал айналымы болып табылады және Ресей демографиясын жақсарту үшін табиғи және иммиграциялық факторларды ынталандыруға назар аударуы қажет.

Жазушы: Қанат Маханов,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Өзірбайжан астанасында «Әлемнің жана сыртқы саясаты» атты тақырыпта VII Жаһандық Баку форумы өтті. Үш күнге жалғасқан іс-шара барысында әлемнің 55 елінен 550 қатысушы, соның ішінде бес елдің президенті, бір премьер-министр және 42 бұрынғы мемлекет және үкімет басшылары халықаралық саясат бағыттары туралы пікір алмасты және жаһандық мәселелерді шешудің жана механизмдерін іздестірді.
- Анкара қаласында Түркия мен Түркіменстанның Сыртқы істер министрлері арасында өткен екіжақты консультациялар барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстар, сондай-ақ аймақтық және халықаралық тақырыптарды талқылады. Соның ішінде, екі елдің дипломаттары Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін қарастырды.
- Түркия Сыртқы істер министрлігінің 2014 жылғы Қырым мәртебесіне қатысты референдумның бес жылдығына орай жарияланған пресс-релизге сай, Түркия Ресейдің Қырымды аннексиялауын «халықаралық құқықты бұзған» деп мойындамайды. Анкара Украинаның егемендігі мен территориялық тұтастығын қолдайтынын растайды және Қырым татарларын қолдауды жалғастыруға уәде береді.
- Түркия-ЕО Қауымдастығының 54-кездесуі төрт жылда алғаш рет Брюссельде өтті. Тараптар сыртқы саясат мәселелері мен аймақтық оқиғаларды талқылап, екіжақты қарым-қатынастардың әртүрлі салалары бойынша, атап айтқанда ұйымға мүшелікке енгуге қатысты келіссөздердің саяси және экономикалық критерийлері, ЕО заңнамасына сәйкестік және виза режимін либерализациялау диалогына қатысты пікірлерімен бөлісті.
- Қырғызстан мен Тәжікстан шекарасына жақын орналасқан қырғыз және тәжік ауылдарының тұрғындары арасында қырғыз тарапының айналмалы жол салуына қатысты бірқатар келіспеушіліктер орын алды. Екі ел билігі, екі тәжік азаматының (оның біреуі Тәжікстан мен Ресейдің қос азаматтығына ие) өліміне әкеп соққан дауға қатысты бірлескен тергеу жұмыстарын бастады.
- Қырғызстанның Балықшы қаласы маңындағы Эдельвейс жаттығу алаңында орналасқан қырғыз-үнді тау дайындығы орталығында «Қанжар-2019» атты бір аптаға созылған бірлескен әскери оқу-жаттығуларын өткізді. Оқу-жаттығу сценарийі бойынша екі елдің арнайы бөлімшелері биік таулы жағдайларда заңсыз қарулы топтарды анықтау, локализациялау және жою үшін арнайы дайындық операцияларын өткізді.
- Мәскеуде ТМД-ға мүше мемлекеттер Қарулы Күштерінің Штаб комитеті бастықтарының кезекті отырысы өтті. Атап айтқанда, қатысушылар, әуе қорғаныс саласындағы ТМД-ның кешенді жүйесін дамыту және оның әроғарыштық қорғаныс міндеттерін атқаруға бейімделуі, ұшқышсыз авиацияны пайдалану және ұшқышсыз әуе кемелеріне қарсы тұру мәселелерін талқылады.

## Экономика, қаржы және энергия

- Астанада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ұйымдастыруымен Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің кеден қызметтері басшыларының жетінші кездесуі өтті. Кездесуде тараптар 2017 жылдың мамыр айында өткен соңғы кездесуден бастап кеден саласында атқарылған жұмыс қорытындысын пысықтап, Кеңестің бастамаларын талқылады және кедендік бақылау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- Ташкентте «Орталық Азиялық қауымдасу: өзара тиімді даму келешегі» тақырыбы алғашқы Орталық Азия экономикалық форумы өтті. Форумда Орталық Азияның бес елінің жоғары дәрежелі өкілдері, өңірлік ынтымақтастықты одан әрі дамыту, екіжақты сауда-саттықты ұлғайту, көлік және коммуникация мүмкіндіктерін кеңейту және аймақтың туристік әлеуетін арттыру мәселелерін талқылады.
- Астанада Экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Түрікменстан Үкіметаралық комиссиясының 10-шы отырысы өтті. Екі елдің үкіметтік делегациялары Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы қазіргі мемлекетаралық келісімдердің жүзеге асырылуын, сондай-ақ, екі жақты сауда-экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.
- Түрікменстан Премьер-министрінің орынбасары және Сыртқы істер министрі Рашид Мередов бастаған Түрікмен делегациясы жоғары лауазымды тұлғалармен кездесу және саяси консультациялар жүргізу үшін Пәкістанға сапармен барды. Кездесу барысында тараптар аймақтық энергетикалық жобалар мен көліктік дәліздерге назар аударып, екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады және ТАПИ газ құбыры құрылысы жобасына қатысты үкіметаралық келісімге қол қойды.
- Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков Түрікменстан-Қытай табиғи газ құбырының төртінші кезеңінің («D») Қырғызстан бөлігінің құрылысын бастауды тездету керектігін мәлімдеді. Құрылысын 2019 жылдың аяғында бастау жоспарланған жобаның құны 1,2 миллиард доллар болып, жоба мерзімі үш жыл.
- Беларусь Мемлекеттік ғылым және технологиялар комитетінің мәліметі бойынша, 2018 жылы елдің жоғары технологиялық өнімдерінің экспорты 20%-ға артып, шамамен 14 миллиард долларға жетті. Интегралдық схемалар мен медициналық жабдықтар - шетелде танымал Белорустық технологиялық өнімдер болып табылады. 2018 жылы Белорустың жалпы экспортының 33,2%-ын жоғары технологиялық өнімдер құрады.
- Токиода өткен бизнес форумда Грузия мен Жапония арасында Грузиядағы жапон кәсіпорындарының кенеюіне ықпал ететін экспорттық және инвестициялық сақтандыру туралы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды. Аталмыш келісім өндіріс, туризм, энергетика, көлік және логистика, телекоммуникация және жоғары технология, сауда және экспорты жөніндегі, мемлекеттік мүлікті басқару және құрылыс саясаты сынды бірқатар салаларды қамтиды.

## Қоғам және мәдениет

- Ашхабадта Каспий жағалауы мемлекеттерінің өкілетті өкілдерінің екі кездесуі өтті. Бірінші кездесу Каспий теңізіндегі іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуде ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімнің жобасын талқылауға арналды, ал екінші кездесуде Каспий теңізіндегі ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жобасы қаралды.
- Бішкекте Түркі кеңесі Білім министрлерінің 5-ші отырысы өтті. Кеңеске мүше мемлекеттердің делегациялары Түркі университеттер одағының жұмысын талқылап, мектептер арасында әріптестік жобасының жүзеге асырылуы барысын және білім беру мамандары мен оқушыларға арналған алмасу бағдарламасын қаралды, сондай-ақ Түркі академиясына қатысты мәселелерді қарастырды.
- Қырғызстан мемлекеттік жазаны атқару қызметі және Бішкектегі ЕҚЫҰ бағдарламасының кеңесі түрмелерде зорлық-зомбылықты радикалдандырудың алдын алу және 2018-2023 жылдарға арналған Ұлттық қылмыстық-атқару стратегиясын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қойды. Тараптар, сондай-ақ, террористік және экстремистік сипаттағы қылмыстар үшін бұрын сотталғандар үшін әлеуметтік оңалту және реинтеграция бағдарламаларын ұсынуды көздейді.
- ЕО мен БҰҰ ұйымдастырған Сирия мен аймақтың болашағын қамтамасыз ету бойынша үшінші Брюссель конференциясына 57 елдің және 20-дан астам халықаралық ұйымның өкілдері қатысты. Форум барысында Қазақстан Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Мұхтар Тілеуберді хабарлағандай, 2012 жылы Астана Қазақстан Үкіметі тарапынан Дамаск қаласында салынған әл-Фараби мәдени орталығын қалпына келтіруді жоспарлап отыр.
- Қазақстандағы ЕО Өкілдігі елдегі әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың, атап айтқанда мүгедектер мен мигранттардың құқықтарын қолдау және қорғауға бағытталған екі жобаны іске қосты. «Инклюзивті Қазақстан» және «Қазақстандағы мигранттардың құқықтарын қорғауды күшейту» атты екіжылдық жобалар Еуропалық демократия және адам құқықтарын қолдау құралы шеңберінде қаржыландырылатын болады.
- Қазақстанның Ұлттық олимпиада комитеті мен Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік бюросы екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат Қазақстанда әсіресе халықтың ең осал топтарының арасында салауатты өмір салтын, дене шынықтыруды, спортты және олимпиадалық қозғалысты насихаттауға, сондай-ақ спортта допингті болдырмауға бағытталған.
- Түркияның Президенті Режеп Тайып Ердоған Анкара қаласында Еуропаның ең үлкен ауруханасы болып саналатын Билькент қалалық ауруханасын ашты. 3,704 төсек орны, 131 операциялық бөлме және 904 амбулаториямен жабдықталған медициналық мекеме толық көлемде қызмет көрсеткенде күніне 30 мың емделушіні қабылдап, 8 мың жедел жәрдемге мұқтаж науқасты емдей алады.